

# Саяси ғылымның даму тарихы және негізгі кезеңдері

1. Ежелгі дәуірдегі саяси ілімдер
2. Орта ғасыр мен Қайта өрлеу дәуіріндегі саяси ойлар
3. 19 ғасырдағы саяси ілімдер мен бағыттар
- 4.1 9 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдағы саяси ілімдер

# 1. Ежелгі дәуірдегі саяси ілімдер

- Ежелгі Грецияның саяси тарихында өте бай материалдар жинақталған. Антикалық дәуір ойшылдары қоғамдық өмірді, оның саяси құрылысын талдап, саяси сананы мифтен теорияға ауыстырады.
- Ежелгі Грек ойшылдарының көрнекті өкілінің бірі **Аристотель** (384-322) мемлекетті дұрыс және бұрыс формаларға бөлген.

## 1. Мемлекеттің дұрыс формаларына:

- Монархия, аристократия, полицияны жатқызды. Әкімдер, халық, ел пайдасын ойлайды, билік қоғамға қызмет етеді деді.

## 2. Бұрыс формасына:

Тирания, олигархия, демократияны жатқызды. Бұрыс түрінде әкімдер, билік, халық өздерінің бас пайдасын ойлайтын көрінеді деп айтқан.

## 2. Орта ғасыр мен қайта өрлеу дәуіріндегі саяси ойлар

- 15-16 ғасырлар Батыс Европада қайта өрлеу деген атқа ие. Саяси ілімдер тарихында орта ғасырлар ойшылдарының еңбектері мен идеяларының маңызы зор. Олар феодалдық қоғамдық-экономикалық құрылыспен тығыз байланысты. Әрі олардың саяси тұжырымдары діни сипатта болды. Солардың бірі **Аверлий Августин**(354-430) Христиан философиясының негізін қағидаларын дәріптеп уағыздаған. Ол “Құдай қала” деген еңбегінде саяси ой пікірлерін білдірді. Августин барлық әлеуметтік, мемлекеттік, құқықтық ұйымдармен заңдар адам күнәсының нәтижесі деп санады.

- Фома Аквинский (1224-1247)  
“Құдайшылдықтың жиынтығы” деген еңбегінде саяси биліктің 3 элементін, мәнін, формасын және қолдана білуді ажыратып көрсетті. Қайта өрлеу дәуірінің саяси ойының жарқын жұлдызының бірі  
**Италиандық Н. Макиавелли**(1469-1527).  
Оның саяси ғылым дамуына қосқан үлесі:
  1. Саясаттану ғылымының негізін салды.
  2. Схоластиканы бұзып, рационализм мен реализм негізін салды.
  3. Феодалдық бытыраңқылыққа қарсы шығып, Италияда бір орталықтанған, тұтас монархияның абсолюттік қалыптастыру үшін күресті

### 3. 19 ғасырдағы саяси ілімдер мен бағыттар

- 19 ғасырдағы Батыс Европадағы қоғамдық-саяси өмір буржуазиялық тәртіптің әрі қарай бекітілуімен ерекшеленді. 18 ғасырдың соңында Франциядағы буржуазиялық революция Европада капитализмнің күшті дамуына жол ашты. Бұл капиталистік құрылыс өз идеологиясы либерализмді қалыптастырды. Ол 19 ғасырдағы ең ықпалды саяси ағым болды. Оны жақтаушылар әртүрлі қоғамдық топтардан шықты. Бірақ негізгі әлеуметтік базасы кәсіпкерлер, шенеуніктер, университет профессорлары, ерікті мамандық иелері болды. Бұл кезеңнің өкілдеріне: И. Бентам, Дж. Милль, Б. Констан, А. Токвиль, Энгельс, В. Парето жатады.

- Либерализм ағымы 2 ге бөлінді.
- 1. Жеке бостандық, әрбір индивид пен жеке меншік бостандығы.
- 2. Жеке адамның шығармашылық деңгейін дамытушы ғана емес, сонымен бірге қоғам көркеюін, мемлекет дамуын қамтамасыз етуші құндылықтарды өндіру.

## 4. 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдағы саяси ілімдер

- 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басында капиталистік елдерде орасан зор өзгерістер болды. Мемлекеттік-монополистік капитализм монополиялар мен мемлекеттің күшін біріктірді. Бұл системада байлық пен билік тоғысып, байлардың құдіретін одан әрі арттыра түсті. Буржуазиялық-мемлекеттік, әскери өндірістік кешеннің ықпалы күшейді. Әлеуметтік қарым-қатыастарды зерттеуде социологиялық тәсілге ерекше көңіл бөлінді.
- Бұл кезеңнің өкілдеріне Л. Дюгид, Г. Моска, В. Парето, Макс Вебер жатады.